Бірлестік отырысында қаралды:
Бірлестік жетекшісі:
_____ Ф.Т.Ахметова
Хаттама №1
«26» тамыз 2025 ж.

Келісемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
ДОІЖО:
_____ Г.Ж. Каракулова
«26» тамыз 2025 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
_____ Б.С. Длимбетова
«26» тамыз 2025 ж.

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Пәні: География

Сыныбы: 7 «A, B, C, D»

Мұғалімі: Н.Т.Елтаев

Сағат саны: 25

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

Шымкент қаласы 2025-2026 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы №668 бұйрығымен бекітілген. Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалық, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен, 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 4-қосымша бұйрығына, 2019 жылдың 15 мамырдағы №205 бұйрығына 2-қосымша негізінде бекітілген. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта)мемлекеттік жалпығы міндетті стандартына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген. Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына әзірленген.

«География» – жаратылыстану, қоғамдық, әлеуметтік нысандар мен құбылыстарды зерделейтін оқу пәні. География табиғи және антропогендік нысандар арасындағы өзара байланысты және өзара тәуелділікті зерделейді.

География ғылымдар жүйесінде ерекше орын алады, себебі ол әлеуметтік, экономикалық, жаратылыстану және техникалық ғылымдардың тоғысқан шегінде дамиды. Географияның өзіне тән теориясы, әдіснамасы және зерттеу әдістері бар.

Жалпы білім беретін мектептердің 7-сыныбында «География» оқу пәнін оқудың мақсаты: дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу.

«География» оқу пәнінің міндеттері:

1) географияның ғылыми пән ретіндегі рөлі мен оның қазіргі замандағы адамзат мәселелерін, сондай-ақ ғаламдық мәселелерді шешудегі әлеуетін түсінуге мүмкіндік беру;
2) оқушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;
3) қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;
4) оқушылардың географиялық зерттеу әдістері мен зерттеу дағдыларын игеруіне ықпал жасау;
5) оқушылардың география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасау;
6) кеңістіктік ойлау мен картографиялық дағдыларды қалыптастыру;
7) географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

- «География» оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімді қамтиды: «Географиялық зерттеу әдістері»; «Картография және географиялық деректер базасы»; «Физикалық география»; «Әлеуметтік география»; «Экономикалық география»; «Елтану және саяси география негіздері».
- Пәннің бөлімдері мен тақырыптары «шиыршық» *принципі* негізінде әзірленген, бұл *принцип* сәйкес әр сынып сайын тақырыптар бойынша білім мен дағды көлемі тереңдетіліп, қиындатып беріледі.

Бірінші және екінші бөлімдерге қатысты оқытудың ортақ мақсаттары, зерттеушілік және картографиялық дағдыларды қалыптастыру мақсатында, әр оқу жылының басында жеке сабақтар түрінде өткізіледі. Басқа бөлімдерді оқу барысында ортақ оқу мақсаттары оқылатын бөлім мәнмәтінінде зерделенеді. Оқудың мақсаттары тақырыптық бөлімді оқу барысында жүзеге асырылуы тиіс. Әр сабақты оқыту барысында мақсаттарды қайталап, яғни өткен мақсатпен толықтырып отыру қажет емес. Мысалы, атмосфера бөлімшесін оқу барысында білім алушылар бір далалық зерттеу (мысалы, бақылау және өлшеу), бір картосхема құрастыру, бір номенклатура тапсыру және деректер базасы формасындағы бір кесте құрастырулары тиіс, яғни бұл жұмыстарды әр сабақта жасау қажетті емес. Тақырыпты ортақ оқу мақсаттарымен толықтыру реті мұғалімнің қалауынша жүзеге асырылады.

Ортақ оқу мақсаттарын бағалау оқытудың негізгі мақсатын бағалау аясында жүзеге асырылады. Мысалы, «7.3.3.6 - мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді» мақсатын, «7.2.1.1 - тақырып бойынша картосхемаларды жасай алады» мақсатымен толықтырған жағдайда,

білім жетістігін бағалау негізінен 7.3.3.6 мақсатын бағалау арқылы жүзеге асырылады, ал ағыстар географиясын көрсететін картосхеманың болуы, бағалау критерийлерінің бірі рөлін атқарады. Сонымен қатар іс-әрекеттің бір түрінің көмегімен екінші өтпелі мақсатты да қамтуға болады, мысалы, 7.2.1.2 - географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді. Білім алушының өзі құрастырған картосхемасынан ағыстарды көрсетуі негізгі оқу мақсатын бағалаудың бір критерийі болып саналады.

Оқудың әр мақсаты бойынша тапсырмалар әзірлеу міндетті емес. Мұғалімдер оқудың бірнеше мақсатын қамтитын бір тапсырма әзірлеулеріне болады.

Жүйелі-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру жағдайында әр тапсырма тәжірибеге бағытталған болып табылады. Бірінші және екінші бөлімдердің ортақ оқу мақсаттары бұл тәсілді күшейтуге мүмкіндік береді (бұл өтпелі мақсаттардың топтамасы әр тақырыпты оқытудың ұзақ мерзімді жоспарында анықталған). Демек, бағдарламада міндетті практикалық жұмыстар тізімі қарастырылмаған.

Білім алушылар мұғалімнің басқаруымен географиялық ақпарат көздерімен, географиялық зерттеу әдістерін қолданумен (далалық әдіс, бақылау әдісі), схемалар, графиктер, диаграммалар, профильдер құрастыру, географиялық карталармен жұмыс істеу арқылы орындайтын зерттеушілік жұмысқа көп көңіл аударылады.

Пән мұғалімдеріне әр білім алушыға қажетті білімді алуға жағдай жасайтын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану ұсынылады. «География» пәнін оқу барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану:

- білім алушының оқу-танымдық қызығушылығын арттыру;
- оқу процесін тиімді ұйымдастыру;
- білім алушының оқу-танымдық әрекеттерін белсендендіру мүмкіндіктерін береді.

«География» оқу пәні бойынша бағдарламада қарастырылған далалық зерттеу, бақылау және эксперименттік жұмыстарды мұғалімдер сыныптан тыс орындарда өткізе алады.

«География» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің 7-сыныптағы көлемі – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

«География» пәні бойынша күнтізбелік - тақырыптық жоспар
7-сынып аптасына 1 сағат барлығы 34сағат (төмендетілген)

Р/с	Бөлім/ Тақырыптар	Сабақ тақырыптары	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескертпе
			1 тоқсан			
1	**1.Географияны зерттеу тәсілдері**	Географияны зерттеу нысандары География ғылымының дамуы	7.1.1.1-географияның зерттеу нысандарын анықтайды 7.1.1.2-саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді	1	08.09.2025	
2		Географиялық дерек көздері	7.1.1.3-географиялық дереккөздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар	1	15.09.2025	
3		Зерттеудің далалық әдістері **БЖБ №1**	7.1.1.4 географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтайды; 7.1.1.5 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алады: сызба, диаграмма, профиль, график	1	22.09.2025	
4	**2 Картография және географиялық деректер базасы**	Географиялық картасызбаларды қолдану	7.2.1.1 тақырып бойынша картасызбалар жасайды	1	29.09.2025	
5		Географиялық номенклатура, географиялық деректерді ұйымдастыру	7.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді; 7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді	1	06.10.2025	
6	**3. Физикалық география** **3.1. Литосфера**	Жердің тектоникалық құрылымы, литосфераның тектоникалық қозғалысы **БЖБ № 2**	7.3.1.1 литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды; 7.3.1.2 жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттайды;	1	13.10.2025	
7		Жердің тектоникалық құрылымы, литосфераның тектоникалық қозғалысы	7.3.1.3 жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг;	1	20.10.2025	

8		Литосфералық катаклизмалар	7.3.1.4 жергілікті компонент бойынша литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіреді; литосфералық катаклизмдер барысында өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіреді	1	3.11.2025	
				8		
			2 тоқсан			
1	**3. Физикалық география 3.2. Атмосфера**	Атмосфера және оның құрамдас бөліктері	7.3.2.1-атмосфераның құрамын сипаттайды 7.3.2.2-атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіреді	1	10.11.2025	
2		Ауа райы және метеорологиялық элементтер	7.3.2.3-«ауа райы» ұғымын түсіндіреді 7.3.2.4- метеорологиялық элементтер мен құбылыстарын сипаттап, зерттеу маңыздылығын анықтайды	1	17.11.2025	
3		Қолайсыз атмосфералық құбылыстар **БЖБ**	7.3.2.5- метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштерін өлшеп, метеорологиялық құрал-жабдықтарды қолданумен тіркейді	1	24.11.2025	
4		Қолайсыз атмосфералық құбылыстар	7.3.2.6-жергілікті жер мүмкіндігі бойынша температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштері бойынша синоптикалық графикалық материалдарды жасайды	1	01.12.2025	
5	**3. Физикалық география 3.3. Гидросфера**	Гидросфера және оның құрамдас бөлігі Су ресурстарының маңыздылығы	7.3.3.1-гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттайды 7.3.3.2-су ресурстарының маңыздылығын түсіндіреді	1	08.12.2025	
6		Мұхит суларының географиялық орналасуы мен қасиеттері **БЖБ**	7.3.3.3-Дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттайды	1	15.12.2025	
7		Мұхиттағы су қозғалысы	7.3.3.4 мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді	1	22.12.2025	
8		Мұхитпен байланысты апаттар және Мұхит Проблемалары	7.3.3.5 мұхитар мен теңіздермен байланысты апаттар мен проблемаларды топтастырып, сақтану шараларын және шешу жолдарын ұсынады	1	12.01.2026	

				8		
			3 тоқсан			
1	**3. Физикалық география 3.4. Биосфера**	Биосфера және оның құрамдас бөліктері	7.3.4.1-биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды	1	19.01.2026	
2		Өсімдік және жануарлар әлемі	7.3.4.2-өлкеге тән өсімдіктер мен жануарларды анықтайды және «Қызыл кітапқа» енген түрлерін атайды	1	26.01.2026	
3		Қазақстанның топырақ түрлері **БЖБ**	7.3.4.3-Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтайды 7.3.4.4-жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға береді	1	02.02.2026	
4		Топырақтың экологиялық мәселелері	7.3.4.5-топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады	1	09.02.2026	
5	**3. Физикалық география 3.5. Табиғи – аумақтық кешендер**	Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы	7.3.5.1-географиялық қабық, мұхиттар және материктер, зоналар және белдеулер, ландшафттар табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіреді	1	16.02.2026	
6		Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері. Туған өлкенің визит карточкасы	7.3.5.2 туған өлкенің табиғи-аумақтық кешендерін жоспар бойынша сипаттайды және өлкетану деректер базасын әртүрлі формада ұсынады	1	23.02.2026	
7	**4. Әлеуметтік география 4.1. Халық географиясы**	Тілдік отбасылар және әлем халықтарының топтары **БЖБ**	7.4.1.1-дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіреді	1	02.03.2026	
8		Әлем халқының діни құрамы	7.4.1.2-дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтайды	1	16.03.2026	9.03.2026
9		Әлемніңтарихи-мәдени аймақтары	7.4.1.3-халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді	1	16.03.2026	
10		Ұлтаралық және конфессияаралық келісім	7.4.1.4-қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдейді және қалыптастыру жолдарын ұсынады	1	30.03.2026	
				10		
			4 тоқсан			
1	**5.Экономикалық**	Табиғи ресурстардың	7.5.1.1 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде	1	06.04.2026	

	география **5.1. Табиғи ресурстар**	жіктелуі	табиғи ресурстарды жіктеп, таралу заңдылықтарын талдайды; 7.5.1.2 табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсетеді			
2		Табиғи ресурстардың жіктелуі	7.5.1.2 табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсетеді	1	13.04.2026	
3		Табиғат ресурстарын игеру мәселелері **БЖБ**	7.5.1.3 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынады	1	20.04.2026	
4	**5.2 Әлеуметтік экономикалық ресурстар**	Көлік инфрақұрылымы. Әлеуметтік инфрақұрылым	7.5.2.1-қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылымының элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді	1	27.04.2026	
5	**5.3 әлемдік экономиканың салалық және аумақтық құрылымы**	Әлемдік шаруашылық салалары: өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы	7.5.3.1 ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын топтастыру арқылы маңыздылығын түсіндіреді	1	04.05.2026	
6	**6. Елтану және саяси география негіздері** **6.1 Дүниежүзі елдері**	Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы	7.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастырып, елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды;	1	11.05.2026	18.05.2026
7		Әлем елдерінің экономикалық географиялық жағдайы **БЖБ**	7.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттайды	1	18.05.2026	БЖБ
8			7.6.1.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға береді және жақсарту жолдарын ұсынады жасайды	1	25.05.2026	
				8		
	Барлығы			**34**		